

*28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні

Қалам сәулесі

АҚПАРАТ АҒЫНЫ
ЕРЕКШЕ ҚАРҚЫҢА ИЕ
БОЛҒАН БҮГІНГІ ДӘУІРДЕ
ЖУРНАЛИСТІҢ МІНДЕТІ –
ЕЛ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ
ЕТУ, ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК
АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН
КӨПІР БОЛУ. САН
БУЫН ҚАЛАМҒЕРЛЕР
ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН
ОСЫ ҚАСИЕТТІ ЖОЛ
БҮГІНДЕ ӨЗ ЖАЛҒАСЫН
ТАУЫП, ҚОҒАМДАҒЫ
ӨЗЕКПІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ
КӨТЕРУ, ҚАРАПАЙЫМ
ТҮРҒЫНДАРДЫ МҰҢ-
МҰҚТАЖЫН ЖЕТКІЗУ,
ЕЛДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА
ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДА.
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ –
АҚПАРАТ МАЙДАНЫНДА
АДАЛ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН
БАРША ЖУРНАЛИСТЕР МЕН
САЛА МАМАНДАРЫНЫҢ
МЕРЕКЕСІ. КӘСІБИ
МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА
АҚПАРАТ САЛАСЫНДА
ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН БАРША
ӨРІПТЕСТЕРІМІЗДІ КӘСІБИ
МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ.
ҚАЛАМ ҚУАТЫ ӨЛСІРЕМЕЙ,
ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ
ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ
ІЗДЕНІСТЕРІҢІЗ ӨРДАЙЫМ
ЖЕМІСТІ БОЛСЫН!

(Толығырақ 6-7, 10-беттерде)



Қоғамдағы жағдай Дәурен Мұхаметқалиев

*Экономика

Инфрақұрылымды жаңғырту: ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛІ МЕ?

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ
ЖАҢҒЫРТУҒА 30 МЛРД. ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРЖЫ БАҒЫТТАЛҒАН.

Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы Жанар Дәрібаева бүгінде департамент өңірдегі 40 табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейтінін айтты. Олардың қатарында су, жылу, электр, газбен жабдықтау және кірме жолдар саласында қызмет көрсететін кәсіпорындар бар.

Биылғы 23 маусымдағы жағдай бойынша тарифтерді бекіту мен бағаларды келісуге қатысты 69 өтінім қаралған.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, «Атырау облысы су арнасы» КМК-ның инвестициялық бағдарламасы шеңберінде 6,7 млрд. теңгеге төрт

көріз-сорғы стансасын қайта жаңғырту көзделген. Сонымен қатар «Атырау-Жарык» ЖШС-нің 23,8 млрд. теңгелік инвестициялық бағдарламасы аясында облыстың бірнеше ауданында электр желілерін жаңарту жұмыстары жүргізілді, деп департаменттің бөлім басшысы.

Сондай-ақ департамент коммуналдық саладағы цифрландыру жұмыстарына ерекше назар аударып отыр. Қазір табиғи монополия субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Монополист» электрондық деректер базасы және бірқатар цифрлық платформа пайдаланылуда.

Цифрландыру тарифтерді қалыптастыру мен инвестициялық жобаларды іске асыру үдерістерінің ашықтығын арттырып, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарын бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

*Көрме

«Елге қызмет етуді қалай түсінемін?»

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР
КҮНІНЕ ОРАЙ ЖАСӨСПІРІМДЕР
МЕН СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА
«ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІ ҚАЛАЙ
ТҮСІНЕМІН?» АТЫ СУРЕТ КӨРМЕСІ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Шараның ашылу салтанатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрлан Еркебаев жас дарындарға шығармашылық табыс тіледі.

Байқауға өңірдегі мектептердің 8–10 сынып оқушылары мен колледж студенттері қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, келіп түскен жұмыстардың ішінен ең

үздік деп танылған 24 туынды көпшілік назарына ұсынылды.

– Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақты отансүйгіштік қасиеттерін дамыту, мемлекеттік қызметтің қоғамдағы ролін түсіндіру және олардың шығармашылық білім беру басқармасының бас маманы Қадыржан Сапаров.

Көрмеде жас суретшілер туған елге деген сүйіспеншілігін, Отанға қызмет ету туралы көзқарасын және болашақ мамандықтарына қатысты армандарын сурет арқылы бейнеледі. Әр туындыда азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық пен елге адал қызмет ету идеялары көрініс тапты.

Бек АЙДАРӘЛИ

*Кәсіпкерлік

ӨНІМІМІЗ – ештеңеден кем емес

АТЫРАУ ӨҢІРІНДЕ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ
КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ
БАТЫЛ БАСТАМАЛАР МЕН ТЫҢ ИДЕЯЛАР
НАҚТЫ ІСКЕ АЙНАЛЫП, ОБЛЫСТЫҢ
ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕ ЖАҢА КӘСІП
НЫСАНДАРЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ. БҮЛ –
БІР ЖАҒЫНАН ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН
АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРСЕ, ЕКІНШІ
ЖАҒЫНАН ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ
ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН
МАҢЫЗДЫ ҮРДІС. МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ҚОЛДАУЫН
ТИІМДІ ПАЙДАЛАНҒАН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ
ҚАТАРЫ ДА ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА КӨБЕЙІП
КЕЛЕДІ.

(Толығырақ 13-бетте)



*Қоғамдық қауіпсіздік

Мопедшілерге тәртіп үйреткен ...ала таяқ

ӨҢІРДЕ МОПЕДТЕРДІ МІНДЕТТІ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БҮГІНГЕ ДЕЙІН ӨҢІРДЕГІ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚҚА
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ
1033 МОПЕД МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ
ҚОЙЫЛДЫ.

Қолданыстағы заң талаптарына сәйкес мопедтер механикалық көлік құралдары санатына жатқызылған. Сондықтан оларды пайдалану үшін көлік құралын тіркеп, мемлекеттік нөмір белгісін алу, сондай-ақ «А1», «А» немесе «В» санатындағы жүргізуші куәлігіне ие болу міндетті.

Тіркеусіз немесе жүргізуші куәлігінің мопед басқарған адамдарға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Атап айтқанда, жүргізуші куәлігінің көлік басқарғаны

үшін 86 500 теңге көлемінде айыппұл салынады. Полиция қызметкерлері тұрғындарды заң талаптарын сақтап, мопедтерін уақытылы тіркеуге шақырады. Облыс аумағында профилактикалық және рейдтік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп, тіркеусіз жүрген мопед иелеріне қатысты заң аясында тиісті шаралар қабылданады.

Жыл басынан бері облыс аумағында мопедтердің қатысуымен 15 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 22 адам түрлі дене жарақатын алған. Әкімшілік полиция басқармасының процессінгік орталығының басшысы, полиция майоры Жәніс Дәулетовтың мәліметінше, мопедтерді міндетті тіркеу көлік құралдарының есебін жүргізуге ғана емес, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттырып, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға да мүмкіндік береді.

Өз тілшіміз

*Жоғары оқу орнында

Ғылым, білім бар жұрттар...

ИЗЕН ӨСІМДІГІН ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ ЗЕРТТЕУ,
АУА МЕН СУ САПАСЫН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ
ТАЛДАЙТЫН ЗАМАНАУИ ҚҰРЫЛҒЫЛАР,
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГКЕ
АРНАЛҒАН РОБОТАНДЫРЫЛҒАН
ЖҮЙЕЛЕР, ӨҢІРДІҢ ТАБИҒИ ЖАҒДАЙЫН
КЕШЕНДІ БАҚЫЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР – МҰНЫҢ БӨРІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ
АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ
ЗЕРТХАНАЛАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫП
ЖАТҚАН НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТАР. ОСЫ
ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАРМЕН БАҚ ӨКІЛДЕРІ
УНИВЕРСИТЕТТЕ ӨТКЕН «УНИВЕРСИТЕТ:
БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, ЖАСТАР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ
ПРЕСС-ТУР БАРЫСЫНДА ТАНЫСТЫ.

(Толығырақ 11-бетте)

